# 5-сынып бойынша 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі

5-сыныпта барлығы 19 оқушы бар. Ұл бала -8, қыз бала-11. Жылдың басында тәрбие жұмысының жоспары құрылып, сынып белсенділері сайланды.

Тәрбие жұмысының мақсаты - рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ізгі, ұлтжанды, жауапкершілікті сезінетін жеке тұлғаны тәрбиелеу. Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша тәрбие сағаттары уақытылы өтті.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында - «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет», « Қазақстаным-мақтанышым!», «Тәуелсіздік- ел тірегі», Менің рәміздерім- мақтанышым «Еліміздің асыл тірегі-рәміздер» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудын" құндылық негіздері туралы терен түсінік калыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында – «Ұстазым камқоршым», « Рухани адамгершілік –адалдықтың бастауы», «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні», «Ана тіршілік бастауы » , «Адалдық –адамдықтың белгісі», «Сыйластыққа себеп көп» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау мақсатында – «Бірлігіміз жарасқан елміз!», «Тілім менің тірегім-соғып тұрған жүрегім», «Ұлттық құндылығым-асыл қазынам», «Ою-өрнектер сыр шертеді» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша - неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру мақсатында – «Отбасы –өмір аясы», «Тәрбие басы-тал бесік», «Әке-асқар тау», «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша - кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында – «Ойылым менің, ойдағыелім», «Су- тіршілік көзі», «Экология және біз», «Еңбек бәрін жеңбек»
тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша - әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру мақсатында - «Білім-инемен құдық қазғандай», «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны», «Сөйлеу мәдениеті – ел мәдениеті», «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «Ахмет Байтұрсыновқа 150 жыл» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша - Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру

жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру мақсатында - «Өнерлі өрге жүзер», «Төрлет, құтты жаңа жыл!», «Төрлет, құтты жаңа жыл!», «Қазақстан халықтарының мәдениеті», «Қоғамдық орындардағы этикет ережелері» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша - салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру мақсатында - «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», « Жаны саудың - тәні сау», «Дені сау ұрпақ – елдің болашағы» тақырыптары атты сынып сағаттары өтті.

Сонымен қатар аудандық білім бөлімінен сұранысы негізінде өткізілуе тиісті шаралар уақытылы өткізіліп, өтілген әрбір шараның фотоесебі жинақталып, инстаграм желісіне салынып отырды.

Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.Қ.